

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (1)**

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзи Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отенова Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Қонырбеков Медет Жаугааштыұлы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жуматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор тюркских языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Конырбеков Медет Жаугаитиевич

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM

Editor-in-Chief

Kabul'dinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieвна
Chernienko Denis Arkadyevich
Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich
Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Konyrbekov Medet Zhaugashtievich
Zikirbaeva Venera Serikovna
Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 2. Pp. 290–306
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_2_290-306

БОСҚЫНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ (XX ғ. 30-жж.)

Раушан Кайсановна Айдарбаева¹, Сауле Кабдымуликовна Уалиева²

¹Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті
(19-үй, Серікбаев көш., 070010 Өскемен, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>. E-mail: raushan_aid@mail.ru

²С. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті
(94-үй, Төле би көш., 050012 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0009-0003-0157-2844>. E-mail: ualieva.s@kaznmu.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Айдарбаева Р.К., Уалиева С.К., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанда орын алған босқыншылықтың себептері мен оның қазақ балаларының тағдырына әсері мәселелері қарастырылған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Тың архивтік деректер негізінде бүкіл қазақ даласын жайлаған ашаршылық салдарынан босқыншылыққа ұшырап, республикадан тыс жерлерге кетуге мәжбүр болған қазақ босқындарының панасыз қалған балаларының тағдыры зерттелді. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеуде Қазақстан мен Ресей мемлекеттік архивтеріндегі ізденіс жұмыстарының нәтижелері мен соңғы жылдары аталған тақырып бойынша жарық көрген құжаттар жинақтарының материалдары кеңінен пайдаланылған. Зерттеу барысында тарих ғылымында кеңінен тараған саралау, талдау, жүйелеу, салыстыру, статистикалық әдістері қолданылды. *Нәтижелері.* XX ғасырдың 30-жылдарының басында қазақ халқының басына төнген ашаршылық босқыншылықтың жаңа толқынын тудырды. Халықтың бір бөлігі шекара асып, республикадан тыс жерлерге ауа көшті. Босқыншылықтан зардап шеккендер арасында, әсіресе, балалардың жағдайы аса ауыр болғанын атап өту қажет. Өзгерістер мен катаклизмдер дәуірінде балалар ең осал әлеуметтік санаттардың бірі болды және болып қала береді. Бүкіл қазақ даласын жайлаған ашаршылық салдарынан жан-жаққа жансауғалап босу кезінде панасыз, қорғансыз қазақ балаларының саны күннен күнге арта берді. Зерттеуде кеңестік биліктің балаларға қатысты мемлекеттік саясатының тетіктеріне, Қазақстанмен шекаралас аймақтардағы қазақтың панасыз балаларының ауыр жағдайына, жергілікті билік органдарының іс-әрекеттеріне талдау жасалып, баға берілді. *Қорытынды.* Қазақстаннан тыс аймақтардағы қазақтың панасыз балаларының саны, негізгі категориялары анықталды. Панасыз қазақ балаларын негізгі үш категорияға жіктеуге болады: ата-анасынан айрылған жетім балалар; босқыншылық кезінде ата-анасы мен туыстарынан ажырап, адасып қалған балалар; тастанды балалар. Өртүрлі деректерді салыстыру нәтижесінде қазақ босқындарының шамамен 30 %-ын балалар құрағаны дәлелденді.

Түйін сөздер: Қазақстан, Ресей, Орта Азия, ашаршылық, босқыншылық, панасыз балалар, балалар үйлері

Дәйексөз үшін: Айдарбаева Р.К., Уалиева С.К. Босқыншылық және қазақ балаларының тағдыры (XX ғ. 30-жж.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 2. 290–306-бб. [на казахском яз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_290-306

БЕЖЕНСТВО И СУДЬБА КАЗАХСКИХ ДЕТЕЙ (30-гг. XX в.)

Раушан Кайсановна Айдарбаева¹, Сауле Кабдымуликовна Уалиева²

¹Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаев
(д. 19, ул. Серикбаева, 070010 Усть-Каменогорск, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
<https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>. E-mail: raushan_aid@mail.ru

²Казахский Национальный Медицинский Университет им. С. Асфендиярова
(д. 94, ул. Толе би, 050012 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
<https://orcid.org/0009-0003-0157-2844>. E-mail: ualieva.s@kaznmu.kz

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Айдарбаева Р.К., Уалиева С.К., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются причины беженства в Казахстане в 30-е годы XX века и его влияние на судьбу казахских детей. *Цель и задачи исследования.* На основе новых архивных данных была исследована судьба беспризорных детей казахских беженцев, которые были вынуждены покинуть республику в результате голода, охватившего всю казахскую степь. *Материалы и методы.* В исследовании широко использованы результаты научно-поисковой работы в государственных архивах Казахстана и России, а также материалы сборников документов, изданных в последние годы по данной теме. В ходе исследования использовались широко распространенные в исторической науке методы дифференциации, анализа, систематизации, сравнения, статистики. *Результаты.* Голод, обрушившийся в начале 30-х годов XX века на казахский народ, вызвал новую волну беженства. Спасаясь от голода часть населения вынуждена была уйти за пределы республики. Необходимо отметить, что среди пострадавших от беженства особо тяжелым было положение детей. Число беспризорных казахских детей продолжало расти день ото дня. В эпоху перемен и катаклизмов дети были и остаются одной из самых уязвимых социальных категорий. В исследовании проведен анализ и дана оценка механизмам государственной политики советской власти в отношении детей, тяжелому положению казахских беспризорных детей в приграничных с Казахстаном регионах, действиям местных органов власти. *Вывод.* Определены основные категории и количество казахских беспризорных детей за пределами Казахстана. В результате сравнения различных данных было доказано, что около 30% казахских беженцев составляли дети. Определены три основные категории бездомных казахских детей: дети-сироты, потерявшие родителей; дети, потерявшие родителей и родственников во время беженства; брошенные дети.

Ключевые слова: Казахстан, Россия, Средняя Азия, голод, беженцы, беспризорные дети, детские дома

Для цитирования: Айдарбаева Р.К., Уалиева С.К. Беженство и судьба казахских детей (30-гг. XX в.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 2. С. 290–306 [на казахском яз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_290-306

REFUGEE STATUS AND THE FATE OF KAZAKH CHILDREN (30S OF THE XX CENTURY)

Raushan K. Aydarbaeva¹, Saule K. Ualiyeva²

¹D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University
(19, Serikbayev Str., 070010 Ust-Kamenogorsk, The Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>. E-mail: raushan_aid@mail.ru

²Asfendiyarov Kazakh National Medical University
(94, Tole bi Str., 050012 Almaty, The Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0009-0003-0157-2844>. E-mail: ualiyeva.s@kaznmu.kz

© Valikhanov IHE, 2025

© Aydarbaeva R.K., Ualiyeva S.K., 2025

Abstract. *Introduction.* The article examines the causes of refugee status in Kazakhstan in the 1930s and its impact on the fate of Kazakh children. *The purpose and objectives of the study* based on new archival data, the fate of street children of Kazakh refugees who were forced to leave the republic as a result of the famine that engulfed the entire Kazakh steppe was investigated. *Materials and methods.* The research makes extensive use of materials from collections of documents published in recent years on this topic, and the results of the authors' search work in the state archives of Kazakhstan and Russia. The research used widely used methods of differentiation, analysis, systematization, comparison, and statistics in historical science. *Results.* The famine that struck the Kazakh people in the early 30s of the XX-th century caused a new wave of refugees. Fleeing from hunger, part of the population was forced to leave the republic. It should be noted that the situation of children among the victims of the refugee crisis was particularly difficult. The number of street Kazakh children continued to grow day by day. In an era of change and cataclysms, children have been and remain one of the most vulnerable social categories. The study analyzed and assessed the mechanisms of the state policy of the Soviet authorities towards children, the plight of Kazakh homeless children in the regions bordering Kazakhstan, the actions of local authorities. *Conclusion.* The main categories and number of Kazakh street children outside Kazakhstan have been identified. As a result of comparing various data, it was proved that about 30% of Kazakh refugees were children. Three main categories of homeless Kazakh children have been identified: orphans who lost their parents; children who lost their parents and relatives during the refugee period; abandoned children.

Keywords: Kazakhstan, Russia, Central Asia, famine, refugees, unaccompanied children, orphanages

For citation: Aydarbaeva R.K., Ualiyeva S.K. Refugee status and the fate of Kazakh children (30s of the XX century) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 2. Pp. 290–306 [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_290-306

Кіріспе. Қазақ шаруашылықтарын тұралатып, бұрын-соңды болмаған алапат Босқыншылыққа алып келген демографиялық апат 1928-1934 жылдары орын алды. Ол кеңес өкіметінің жүзеге асырған әлеуметтік-экономикалық саясатының салдарынан туындады. Малшы көшпенділер мен жартылай көшпенділерді отырықшылыққа өткізу деп аталатын ұр да жық саясат қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына аса ауыр соққы болып тиді. Жаппай күштеп ұжымдастыру саясаты нәтижесінде ауыл шаруашылық өндірісі күрт құлдырады. Мал шаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады. Соның салдары ретінде қазақ даласында жаппай ашаршылық орын алды.

Білік тарапынан қатты қысымға ұшыраған халықтың бір бөлігі республикадан тыс жерлерге, соның ішінде шет елдерге үдере көше бастады. Бұл көші-қон өмірдің әлеуметтік және экономикалық негіздерін толығымен бұзатын үмітсіздіктен туындады. Мәжбүрлі босқындар арасындағы ең осал қорғансыз топ балалар болды. Бүкіл қазақ даласын жайлаған ашаршылық салдарынан жан-жаққа жансауғалап босу кезінде панасыз қазақ балаларының саны күннен күнге арта берді.

Осы кезеңдегі Кеңес мемлекетінің әлеуметтік саясаты қарама-қайшылыққа толы болғанын атап өткен жөн. Бір жағынан, ол балалардың панасыздығын жеңудің тиімді жүйесін құру мәселесімен

үнемі айналысып отырды, ал екінші жағынан, биліктің кеңес азаматтарына қатысты репрессиялық саясаты отбасының жойылуының және соған байланысты жаппай балалар панасыздығының туындауының негізгі себептердің бірі болды.

Мақсаты мен міндеттері. XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылықтың ауыр салдарының бірі болып табылатын панасыз балалар мәселесі қазақстандық зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ. Дегенмен, жарық көрген зерттеулер, негізінен, Қазақстан аумағындағы панасыз балалар мен балалар үйлері мәселесін қарастырады. Республикадан тыс аумақтарға кеткен қазақ босқындарының балаларының жағдайы әлі де болса жеке зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Ұсынылып отырған зерттеу осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған алғашқы қадам болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Панасыз балалар мәселесін зерттеуде отандық және шетел архивтеріндегі ізденіс жұмыстарының нәтижелері кеңінен қолданылды. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ Өлкелік комитетінің № 141 қорының, ҚазақАКСР Халық Комиссарлары кеңесінің жанындағы Көшпелілерді отырықшыландыру және шаруашылық орналастыру жөніндегі комитетінің № 1179-қорының, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архивінің ҚазақАКСР Халық Комиссарлар кеңесінің № Р-30 қорының, Түркістан облысының Мемлекеттік архивінің Оңтүстік Қазақстан облыстық еңбекші депутаттарының атқару комитетінің № 121-қорының, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының Мемлекеттік Архивінің Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің № 40-қорының, Жамбыл облыстық Мемлекеттік Архивінің Әулие-Ата аудандық еңбекші депутаттарының атқару комитетінің № 21-қорының, Шығыс Қазақстан облыстық Мемлекеттік Архиві Алтай бөлімшесінің Катонқарағай аудандық еңбекші депутаттарының атқару комитетінің № 6-қорының, Алтай Өлкесі Мемлекеттік Архивінің Барнаул қалалық халық депутаттарының кеңесі № Р- 312 қорының, Барнаул қалалық халыққа білім беру бөлімінің № 142- қорының, Алтай өлкесі білім және ғылым министрлігінің № Р-573- қорының 1930-1935 жылдардағы істері пайдаланылып, талдау жасалып, тұжырымдалды.

Сонымен қатар, соңғы жылдары жарық көрген құжаттар жинақтарының материалдары кеңінен қолданылды. Олардың қатарында «Гонимые голодом (Документы о судьбе десятков тысяч казахов, бежавших в Сибирь в начале 30-х годов)» [Садыков, 2010: 693], «Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века): Т. V: Вынужденные беженцы» [Материалы..., 2022: 634] атты құжаттар жинақтарын ерекше атап өткен жөн. Аталған жинақтарда босқыншылық пен панасыз балалар мәселесіне арналған құнды деректер топтастырылған.

Зерттеуде Кеңес өкіметінің балалар панасыздығымен күрес шараларына, Қазақстанмен шекаралас аймақтардағы қазақтың панасыз балаларының ауыр жағдайына, жаңа ортаға бейімделуіне, босқын балалардың тағдырын жақсартуға бағытталған жергілікті билік органдарының іс-әрекеттеріне талдау жасалып, баға берілді. Зерттеу барысында тарих ғылымында кеңінен тараған саралау, талдау, жүйелеу, салыстыру, статистикалық әдістері қолданылды.

Талқылау. Қазақ халқының тарихындағы нәубет жылдарын зерттеу соңғы жылдары отандық тарих ғылымында кең қолдау табуда. Соның ішінде босқыншылық пен оның салдары туралы да біраз еңбек жарық көрді. Отандық тарихнамада белгілі ғалым Т. Омарбеков [Омарбеков, 1997; 2003] НКВД/ОГПУ/КГБ құпия мұрағаттарында жұмыс істеуге рұқсат алып, алғашқылардың бірі болып ашаршылық пен босқыншылықтың ауыр салдарына баға берді, босқындардың санын анықтады. Зерттеушілер Р. Айдарбаева мен Ж. Садвакасованың «Казахстанские беженцы в 1920-1930 годы» атты еңбегінде ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отырған материалдар мен ауызша тарих деректері негізінде босқыншылықтың себептері, ауқымы мен негізгі бағыттары, демографиялық шығындары және жаңа ортаға бейімделу ерекшеліктері мен қиындықтары анықталды [Айдарбаева, Садвакасова, 2024: 280].

Босқыншылық тақырыбын арқау еткен алғашқы ғылыми еңбектердің бірі новосібірлік ғалымдар М. Малышева мен В. Познанскийдің «Казахи – беженцы от голода в Западной Сибири. 1931-1934 год» атты жинағы [Малышева, Познанский, 1999: 536]. Батыс Сібір өлкесінің орталығы болып саналған Новосібір қаласының архивтерінде қазақ босқындарына қатысты мол ақпарат жинақталған. Аталған құнды материалдарды алғаш рет айналымға енгізе отырып, авторлар қазақ босқындарының тарихын зерттеуге мол үлес қосты.

Кеңестік модернизацияның нәтижелері мен ауыр салдары шетелдік ғалымдар Роберт Конквесттің «Жатва скорби» [Конквест Р., 1988: 620], Сара Камеронның «Аштық жайлаған

дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату» [Камерон, 2020: 304], Роберт Киндлердің «Сталинские кочевники. Власть и голод в Казахстане» [Киндлер, 2017: 382] атты еңбектерінде зерттелді. Р. Конквест жеке бір тарауды КСРО аумағындағы панасыз балалар тағдырына арнап, оның себеп-салдарына талдау жасады. С. Камерон мен Р. Киндлердің еңбектерінде қазақ босқындарының, соның ішінде балалардың ауыр тағдыры жаңа, құнды деректер негізінде зерттеліп, тұжырымдалды.

XX ғасырдың 20-30 жылдары КСРО аумағында орын алған саяси-экономикалық эксперименттердің ауыр әлеуметтік салдарының бірі – ашаршылық пен босқыншылықтан туындаған панасыз балалар санының күрт өсуі болды. Панасыз балалар мәселесі отандық тарихнамадағы тың тақырып және соңғы жылдары ғылыми басылымдарда жарық көрген еңбектер [Байсарина, 2021], [Сактаганова, Сақабай, 2024], [Атантаева және т.б., 2023] осы бағытта жасалған алғашқы қадамдар болып табылады. Дегенмен, аталған еңбектерде қазақ босқындарының балаларының тағдыры зерттеу нысаны болмағанын атап өткен жөн.

Нәтижелер. XX ғасырдың 30-жылдарының басында қазақ халқының басына төнген ашаршылық босқыншылықтың жаңа толқынын тудырды. Аштықтан титықтаған қазақ босқындары шекара асып, жан сауғалауға тырысты. Олардың бір бөлігі көрші Батыс Сібір, Орта Еділ өлкелері, Орта Азия республикалары аумағына қарай жылысса, енді бір бөлігі шекара асып, Қытай, Ауғанстан, Иран жерлеріне өтіп кетті. Кеңестік тарихнамада оларды «откочевники» - «ауа көшушілер, «қоныс аударушылар» деп жалған атау беру арқылы қазақ халқының басындағы үлкен қасіретті жасырып қалуға тырысты. Бұл Голощекин айтқандай «көшіп үйренген қазақтардың дәстүрлі көшуі» емес еді. Қыстың көзі қырауда мал-жанынан айрылған, жұпыны жеңіл киінген қазақтардың солтүстікке қарай босуының өзі мәжбүрліктен туындаған жағдай еді.

Босқындар бойынша статистиканы анықтаудағы қиындықтарды атап өткен жөн, өйткені босқындардың негізгі бөлігі ауылдық жерді мекендеген қазақтар болды. 1920-1930 жылдары халықтың есебі, әсіресе ауылдық жерлерде нашар жүргізілді. Жыл сайынғы ауылшаруашылық санақтары да толық мәлімет бермейді. Бұл кезде статистикалық қызмет тек енді ғана құрылып жатты және дайындалған кадрлар жетіспеді. Азаматтық хал актілерін (туу, қайтыс болу, неке қию және т.б.) тіркейтін арнайы мемлекеттік мекемелер (АХАЖ) қызметі барлық аудан орталықтарында бірдей жұмыс істеген жоқ. Сондықтан халықтың көші-қон шығындары туралы мәселе жаңа құжаттық базаны талап етеді.

Т. Рысқұловтың Сталиннің атына 1933 жылдың 9 наурызында жіберілген хатында қазақ босқындарының шамамен саны берілді. Оның пайымдауынша қазақ босқындары Орта Еділде – 40 мың адам, Батыс Сібірде – 50 мың адам, Қырғызстанда – 100 мың адам, Қарақалпақстанда – 20 мың адам, Орта Азияда – 30 мың адамды құраған [Советское руководство..., 1999: 210]. Бұл сандардың тым төмендетіліп көрсетілгенін айта кету қажет. Біріншіден, ол уақытта босқындардың есебі өте нашар жүргізілді, екіншіден, босқындарды уақытша қоныстанғандар деп санап әрдайым жергілікті жерлерде тіркеп отырмады. Сонымен қатар, шекара асып, КСРО аумағынан тыс жерлерге (Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркия) 200 мыңға жуық адам ауып кетті [Абылхожин и др., 1989: 67]. Бүкіл Қазақстан аумағын қамтитын қолжетімді статистикалық деректерді салыстыру және жүйелеу нәтижесінде 1930 жылдың көктемінен 1932 жылдың наурызы аралығында 273 897 шаруашылық немесе 1 095 348 адамнан 1 369 485 адамға дейін (отбасының орташа көрсеткіші 4-5 адам деп санаған жағдайда) республика аумағынан тыс жерлерге көшіп кеткендігі анықталып отыр [Айдарбаева, Садвакасова, 2024: 20].

Өзгерістер мен катаклизмдер дәуірінде балалар ең осал әлеуметтік санаттардың бірі болды және болып қала береді. Стихиялық көші қон жағдайында балалар ең қорғансыз болып шықты және панасыз балалар санын толықтырды. Егер 1932 жылдың 20 шілдесіне қарай ресми тіркелген панасыз балалар саны 31 993 адам болса, оның 9 500-ы Қазақстаннан тыс аймаққа кеткені анықталды. Ал келесі жылы панасыз балалар саны 59 000 адамға дейін өсті. Тек Шығыс Қазақстан облысында ғана панасыз балалар саны 10 500 адамға жеткен болатын [Сыдыков, 2010: 372]. Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің мүшесі, ҚазақАКСР ХКК төрағасының орынбасары Құлымбетовтың 1933 жылдың 1 қазанында БОАК төрағасы М.И. Калининге берген панасыз балаларға көмек көрсету жағдайы туралы есебінде басқаша сандар көрсетілген. Ол бойынша 1932 жылға қарай республикада 20700 панасыз бала болса, 1933 жылы бұл көрсеткіш 71000 адамға жеткен [Камерон, 2020: 179]. Бұл тек тіркеліп, ресми деректерге енген панасыз балалар саны екендігін ұмытпауымыз керек. Жергілікті жерлерде шенеуніктер бұл сандардың әлдеқайда төмендетіліп көрсетілгенін және

қалыптасқан жағдайда панасыз балалардың нақты санын анықтау мүмкін емес екендігін мойындайды.

Қазақстан аумағынан тыс жерлердегі босқын қазақ балаларының санын анықтауда біршама қиыншылықтар бар. Ұдайы қозғалыс жағдайында болған босқындарды толықтай есепке алу мүмкін емес еді. Дегенмен, қолжетімді деректерді пайдалана отырып, олардың санын шамамен анықтауға болады. Ресей аумағындағы қазақ босқындары мен олардың балаларының жағдайын келесі деректен айқын көруге болады. 1932 жылдың наурыз-сәуір аралығында Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті жанындағы Балалар комиссиясының бригадасы Қазақстаннан Орта Еділге ауып келген қазақ босқындарының балаларының жағдайын тексеру мақсатында өлке орталығы Самара қаласына келеді. Толық емес деректер бойынша Орта Еділ өлкесіндегі қазақ босқындарының саны 50 000 жеткенін, оның 30% балалар құрайтынын анықтады [Материалы..., 2022: 326]. Жалпы босқындар санының 1/3 бөлігін балалар құрағанын басқа деректер де дәлелдейді. Мысалы, 1931 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданының Таңба ауылынан Қытай асып кеткен 207 адамның 72-і – 16 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдер құраған [ШҚОМА АБ. Қ. 6. Оп. 1. І. 155. П. 6-10.].

Панасыз қазақ балаларын бірнеше санатқа бөліп қарастыру қажет. Панасыз балалардың бір тобын ата-анасынан айрылған жетім балалар құрады. Қолындағы бар мүмкіншілігін балаларын аман алып қалуға тырысқан ересектер аштықтың алғашқы құрбандары болды. Батыс Сібір өлкесінің Павлоград ауданы және онымен межелес Қазақстан аудандарындағы аштыққа ұшыраған қазақ босқындарының ауыр жағдайы колхозшы У.У. Дроботенконың Жұмысшы-шаруа инспекциясының Орталық Бақылау Комиссиясының басшысы Я.Э. Рудзутакка жазған хатында айқын сипатталған. Ол жол бойы шашылып жатқан адам қаңқалары, ауылдарда ересек адамдар мүлдем жоқ, киіз үйлерде қалған қазақ балаларын құрт тірідей жеп жатқандығын хабарлайды [Сыдыков, 2010: 143].

Панасыз балалардың келесі санатына ата-анасынан адасып қалған балаларды жатқызамыз. Балалар ата-аналарымен бірге көршілес аймақтарға қарай жаяу жалпылай немесе Түркісіб бойымен өтетін теміржол құрамаларының шатырларында, тауарлық пойыз платформаларында жүруге мәжбүр болды. Билет сатып алуға мүмкіндіктері бар қазақтардың өзі темір жол бекеттерінде түрлі кемсітушіліктерге душар болды: оларды себепсіз ұрып-соғу, кезектен күштеп шығарып жіберу, билет сатудан бас тарту сияқты жағдайлар жиі кездесті [ТОМА. Қ. 121. Оп. 1. І. 83. П. 19]. Адамдардың осындай үлкен, ретсіз босуды жағдайында балалардың жақындарынан айрылып, адасып қалуы ғажап емес еді. Ал осындай оқиғалар бөтен жерде, бөтен тілдік ортада орын алғандығын ескерсек қазақ балаларының жағдайының қаншалықты ауыр болғандығын түсінеміз.

Сонымен қатар, панасыз балалар санатына әр түрлі мекемелер жанына қалдырылып кеткен тастанды балалар жатады. Балаларды мекемелер немесе балалар үйлері жанына тастап кету тірі қалу үшін жасалған қадамдардың бірі болды. Мысалы, Новосібірдегі ана мен бала үйіне 1931 жылы 133 бала түскен болса, 1932 жылдың екі жарым айында 251 бала түсіп, оның 187-і тастанды балалар болған [Сыдыков, 2010: 105]. Қазақстанмен шекаралас Славгород қаласында қазақ босқындары аудандық мекемелерге келіп, балаларын тастап кетіп отырған, сонымен қатар, күн сайын қала көшелерінен 15-20 дейін қараусыз қалған қазақ балаларын жинап алуға мәжбүр болады. Тастанды балалардың саны, әсіресе, 1932 жылы қазақ босқындарының санының көбеюіне байланысты күрт артты. Жергілікті балалар үйлері мен ауруханаларда қазақ балаларына толып кеткендігі сонша, бос орындардың болмауынан олардың бәрін қамқорлыққа алу мүмкін болмай қалады. Тастанды балалар арасында әсіресе нәрестелердің жағдайы аса ауыр болды. Ол балалар арнайы күтімді – нәрестелерге арналған тағамдар мен киім-кешектер, арнайы дайындығы бар күтушілер – қажет етті.

Ашаршылықтан зардап шеккен, шарасыздық пен үмітсіздікке тап болған адамдар арасында небір жантүршігерлік жағдайлар орын алды [Конквест, 1988: 415-416]. Ол, негізінен, Украина жерінде орын алған ашаршылық пен панасыз балалар жағдайын баяндаған. Дегенмен, әртүрлі фактілерді салыстыра отырып, қазақтың панасыз балаларының жағдайымен көп ұқсастықтары бар екендігін мойындаймыз. Ключев ауданының Васильчуки селосынан ақпан айының қақаған суығында көшеге тастап кеткен 1 және 3 жасар екі қазақ баласы табылады. Көп ұзамай осы мекенде қайыр сұрап жүрген аналары анықталып, осындай қадамға баруға не мәжбүр етті деген сұраққа жолдасының оларды тастап, белгісіз жаққа кетіп қалғанын, балаларының бірнеше күн аштықтан жылағанын көріп, осылай қиналғанша суыққа қатып өлгендері дұрыс деп шешім қабылдағанын айтады [Сыдыков, 2010: 68]. Аштықтан қиналған кейбір ата-аналар тым болмағанда балаларының біреуін аман алып қалуға тырысып, қолда бар азын-аулақ азықты бір баласына беріп, қалғандарын өз

еріктерімен өлімге қиюға мәжбүр болған жағдайлар қоғамның адамгершілік ұстанымдарының қаншалықты деградацияға ұшырағанын көрсетеді. Миллиондаған адамдар, соның ішінде бейкүне балалар да, кеңестік жалаң идеялар мен әлеуметтік эксперименттердің құрбаны болды.

Сол кездегі кеңес басшыларының партиялық конференциялар мен съездерде сөйлеген сөздері, қаулылары, қарарлары ғана емес, сонымен қатар денсаулық сақтау, ана мен баланы қорғауға қатысты баяндамалары «социализмнің жеңімпаз құрылысы», «бесжылдықты төрт жылда», «ауылдың кедей бұқарасының социализмге түпкілікті бетбұрысы және капиталистік таптардың қалдықтарын жою» деген сияқты популистік сөз тіркестеріне толы болды. Елдегі адамгершілік апатты билік ашық мойындағысы келмей, қылмыстарын жасырып қалуға тырысты.

Мемлекет қағаз жүзінде балалар үйлерін материалдық қамтамасыз етуді өз мойнына алғанына қарамастан, іс жүзінде бұл мәселе жергілікті ұйымдардың қарамағына берілді. Жергілікті жерлерде осыншама мөлшердегі босқындарды қабылдап, көмек көрсететіндей мүмкіншіліктері мен қорларының болмағанына орталық билік аса мән бермеді. Қалыптасқан жағдайда туындаған мәселені халықтың есебінен шешуді ойластырды. Еңбекшілердің жалақысынан ұстап қалу, кооперативтер мен басқа ұйымдарды ерікті түрде жарна төлеуге мәжбүрлеу арқылы қаржылық мәселені шешуге тырысты. Дегенмен бұл жарналар балалар панасыздығының ауқымды мәселесін шеше алмады.

Ресей мен Орта Азия республикаларының Қазақстанмен шекаралас аймақтарында қазақ босқындарының санының артуы жергілікті билік органдарын қатты алаңдатты. Ресейдің шекаралас аймақтарында егіннің шықпай қалуы, соған байланысты азық-түлік тапшылығының пайда болуы жағдайды одан әрі ушықтырып жіберді [ҚР ПА. Қ. 141. Оп. 1. І. 5192. П. 64]. Кедейленген қазақ босқындары Орта Азия республикалары үшін де қосымша ауыртпалыққа айналды. Оларды азық-түлікпен, баспанамен және жұмыспен қамтамасыз ету қажет болды. Босқындарға көмек, көбінесе, басқа мақсаттарға арналған ресурстардан алынып отырды. Осындай жағдайда қазақ босқындарын кері қайтаруға әрекеттер жасалды [Омарбеков, 1997: 267]. Дегенмен, босқындарды еліне қайтару ісі ойлағандай нәтиже бермеді. Қазақстан билік органдары республикада қалыптасқан ауыр экономикалық жағдайға байланысты босқындарды ұйымдасқан түрде кері қайтаруға құлықсыз болды.

Арып-ашып шаршаған қазақ босқындарының жағдайын жергілікті халық тарапынан орын алған ұлтшылдық пен ұлыдержавалық шовинизм көріністері одан әрі шиеленістірді. Әртүрлі әдістермен қазақ босқындарын қудалау, оларды себепсіз ұрып-соғу, жәбірлеп кемсіту фактілері жиілеп кетті [Киндлер, 2017: 218]. Адамның құндылығы мен қадір-қасиеті аяққа тапталды. Кей жерлерде билік өкілдерінің де осы істерге дем беріп, қолдап отырғандығын архив материалдары да дәлелдеп отыр. БКП(б) Купин аудандық комитетінің хатшысы Помогаевтың қазақ көшпенділерінің отбасын айуандықпен өлтіру ісі бойынша БК(б)П Батыс Сібір өлкелік комитетіне жазған баяндамасы осыған дәлел. Осы ауданның «Овцевод» совхозына қарасты Бутримов ауылдық кеңесі аумағында жантүршігерлік қылмыс орын алып, 9 адамнан тұратын қазақ босқындарының отбасы аса қатігездікпен өлтірілгендігі хабарланған. Өлтірілген қазақтардың 5-і балалар мен жасөспірімдер болып шықты. 6-7 жасар қыз бала қашуға әрекет еткен кезде бұтаға шалынып құлап, қылмыскерлер артынан балтамен басынан шауып өлтірілсе, 4-5 және 11 жасар екі бала күректің сабымен ұрып өлтірілген. Сондай-ақ, шұңқырлардың бірінде жер астынан басы мен аяғын шығарып көмген 11-12 жастағы мүгедек баланың мәйіті табылған. 16-17 жасар жасөспірімнің мұрны, құлағы мен мойыны кесіліп, айуандықпен өлтірілген. Тексеру барысында бұл ауданда осыған дейін де әртүрлі қылмыстар орын алғандығы, қазақ ауылын өртеп жіберген совхоз директорының көмекшісі Панов бар-жоғы жарты жыл бас бостандығынан айырылып, қайтып келгені анықталды [Сыдыков, 2010: 182-184].

Орта Азия республикаларында да қазақ босқындарын қорлау, кемсіту фактілері жиі кездесті. КСРО ХКК жанындағы Өзбекстан бойынша кеңестік бақылау комиссиясының уәкілі К.В. Гей 1934 жылы 10 қыркүйекте КСРО ХКК жанындағы кеңестік бақылау комиссиясы бюросы төрағасының орынбасары Н.К. Антиповты Қарақалпақстанда жергілікті тұрғындар қазақ босқынын тірідей құмға көміп тастағаны туралы хабардар етті. Сондай-ақ бұл республикада «Мәскеуден келген көмектің басым бөлігі уәкілдердің қолындап қалып, базарда сатылып кеткендігі» туралы айтылады. Төртқул ауданынан 100 адамнан тұратын 35 қазақ босқындарының отбасы Үкімет босатқан қорлардан ешқашан нан алмағаны мәлім болды. Қазақстанға жөнелту кезінде олардың тек 61-ғана тірі қалды, яғни 40% аштықтан қайтыс болды [ЦК ВКП (б)...., 2009: С. 77-78].

1932 жылдың көктеміне қарай босқындар мәселесі тым ушығып кетуіне байланысты Орталық билік одан әрі бұл мәселені елемей қалу мүмкін емес екенін түсінді. Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Балалар комиссиясының бригадасы Орта Еділ өлкесіне аттанып, ондағы қазақ босқындары мен олардың балаларының жағдайын зерттеп, сипаттама берді. Орта Еділдің Қазақстанмен шекаралас Орынбор қаласы мен ауданы, Сольилецк, Илек, Қорған, Павлов, Ор аудандарында орналасқан қазақ балаларының аса ауыр санитарлық-тұрмыстық жағдайына куә болды. Балалар жылусыз, қараңғы, сыз басып, қираған жертөлелерде орналастырылған болатын. Осындай адам төзгісіз баспана жағдайында олар аса тығыз – 10 шаршы метр жерде 11-17 адам бірге тұруға мәжбүр болды. Киім-кешекпен қамтамасыз ету өте нашар болды, басым бөлігі жартылай жалаңаш, тіптен мүлдем жалаңаш, жалаңаяқ балалар да кездесті. Қалада қайыр сұрап жүрген балалар саны да біршама, олар асханалар маңындағы азық-түлік қалдықтарымен қоректенді.

Босқын балалардың денсаулық жағдайы да сын көтермеді, оларға медициналық көмек мүлдем көрсетілмеді. Балалардың басым бөлігі әртүрлі тері ауруларымен ауырып, 6 жасқа дейінгі балалар шешекке қарсы егу алмағаны анықталды. Барлығы арып-ашыған, аштықтан ісініп кеткендері де бар. Соған байланысты балалар өлімінің көрсеткіші де едәуір жоғары болды. Орынбор қаласында 1932 жылдың наурыз айында ғана 84 босқынның өлімі тіркелген болса, оның ішінде 31 – мектеп жасына дейінгі, ал 4 – мектеп жасындағы балалар болды. Олардың 85% аштықтан қайтыс болғаны анықталды. Ал Сольилецк ауданы бойынша 15 ақпаннан 30 наурыз аралығында мектепке дейінгі және мектеп жасындағы 40 бала қайтыс болған [Материалы..., 2022: 327]. Жалпы босқын балалар арасында аштықтан қалжырап өлген балалардың саны көп болды. 1931 жылы Том балалар үйінде өлім 32%, Новосібірде 29,9% құраған [Сыдыков, 2010: 106]. Бұл тек есепке алынған жағдайлар, ал жол-жөнекей аштық пен суықтан, ауру мен жаппай қалжыраудан қайтыс болған босқын балалар санын анықтау мүмкін емес.

Қырғыз жеріндегі босқындар арасындағы аштық пен кедейлік те өлім-жітімнің өсуіне алып келіп, Фрунзе қаласында күн сайын 15-20 жағдай тіркеліп отырды. Қырғыз АКСР Прокурорының хабарлауынша, босқын қазақтар арасында ашаршылық салдарынан адам етін жеу фактілері жиілеп, оның құрбандары негізінен балалар болған. Мәселен, Фрунзе ауданының Токмақ қаласында босқындарға арналған тамақтану пунктіннің маңынан ұлты қазақ 6 жасар қыздың мәйіті табылып, қызды аш босқындар пышақтап өлтіргені анықталды [ҚР ОМА. Қ. Р-30. Оп. 7 рсч. I. 151. П. 100].

Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы қазақ босқындарының балаларының жағдайы да аса ауыр болды. Темір жол торабының бойында орналасқан Шымкент, Әулиеата, Луговая станцияларында, Мерке, Қармақшы аудандарында босқындардың саны күннен күнге артып отырды. Әсіресе Әулиеата қаласында аса шиеленісті жағдай қалыптасты. Осы қалаға ағылған босқындар саны күннен күнге артты. Қалада 1900-ге жуық босқын шаруашылықтары шоғырланды, олардың 1000-нан астамы республиканың басқа облыстарынан келген еді. Тек 1932 жылдың қаңтар айында ғана 1000 жуық босқын балалар тіркелді, дегенмен оларға дер кезінде көмек көрсетілмеді. Санитарлық тазартудан өткізілмеген балалар, көбінесе, жылытылмаған, қоқысқа толы бөлмелерге орналастырылды. Тіпті олар уақытылы нан және қайнаған сумен қамтамасыз етілмеген болатын [ТОМА. Қ. 121. Оп. 1. I. 72. П. 18]. Әулие ата қаласында қалыптасқан жағдайдың аса ауырлығын жергілікті органның келесі шешімінен көруге болады. Босқын балалар арасында адам шығынының көп болуына байланысты мәйіттерді жинау және жерлеу үшін әрбір учаскіден бес адамнан топтар құрып, оларды арнайы көлікпен қамтамасыз ету, қалаға эпидемияның тарап кетуіне мүмкіндік бермеу мәселесі арнайы қаралған еді.

Босқындар мен олардың балаларының жағдайы жергілікті халық тарапынан көрсетілген қысымға байланысты одан әрі шиеленісе түсті. Әулиеата қаласына босқындардың көптеп ағылып келуі жергілікті тұрғындар арасында әртүрлі қауесеттердің таралуына себеп болды. Қазақ босқындарын қорлау, ұрып-соғу, қорқыту әрекеттері жиіліп кетті. Оларға ешқандай көмек көрсетпеуге шақырған шовинистік пиғылдағы үндеулер кеңінен тарады. Жергілікті органдардың шарасыздығы жағдайды ушықтыра түсті. Қазақ өлкелік партия комитетінің өкілі Тертышный өз баяндамасында осындай жағымсыз құбылыстармен ешқандай күрес жүргізілмейтіндігі және қылмыстық теріс қылықтар жазасыз қалатындығы туралы мәлімдеді [ТОМА. Қ. 121. Оп. 1. I. 83. П. 19-20].

Қазақстаннан ауған қазақ босқындары санының күрт өсуіне байланысты жергілікті билік органдары қазақ балаларын балалар үйлеріне орналастыру, нәрестелер үшін балабақшалар ұйымдастыру істерін қолға алу қажеттігі туындады. 1932 жылдың көктеміне қарай Батыс Сібірдегі балалар үйлеріне шамадан тыс 1500 панасыз қазақ баласы қабылданып, жағдай қиындай түседі [Сыдыков, 2010: 222]. Пойыздар мен теміржол вокзалдарында, қала көшелерінде ұсталған панасыз балалар арнайы құрылған балаларды қабылдау пунктеріне топтастырылды. Бір ай уақыттан кейін олар жастарына қарай жіктеліп, ересектері еңбек лагерлеріне, жасы кішілері балалар үйлеріне жіберіліп отырды.

Босқын қазақ балаларының санының артуы бұл мәселені шешуге ерекше көңіл бөлуді қажет етті. Осыған байланысты туындаған әртүрлі жағдайлар билік органдары үшін өзекті мәселеге айналып, күн тәртібіне қойылды. Өзбекстанмен шекаралас Сарыағаш, Ишан-базар және Тобылит елді мекендеріндегі Қазақстан билігі 1000 орындық балалар үйін ұйымдастырды, дегенмен қабылданған шешімдер мәселені шешуге жеткіліксіз болғаны анық. Осыған байланысты өзбек билігі Өзбекстандағы панасыздықты жою қорлары есебінен қазақ балаларын қабылдау үшін уақытша балалар үйін құру туралы шешім қабылдады. Өзбекстанның балалар үйлеріне уақытша орналастырылған барлық балаларды 1933 жылдың 1 мамырынан бастап Қазақстан аумағына эвакуациялау көзделді [Айдарбаева, 2024: 54].

Батыс Сібір Өлкелік атқару комитетінің аз ұлттар жөніндегі бөлімі де қазақ панасыз балаларының жағдайын назарында ұстауға тырысты. Босқындар шоғырланған аймақтарда балалар үйлері мен интернаттар ашуға қаржы-қаражат бөліне бастады. 1932 жылдың екінші жартысы мен 1933 жылдың бірінші кварталында тек Батыс Сібір өлкесінде ғана қазақ босқындарының балаларына арналған 15 балалар үйлері ашылды.

Тек өлке орталығы мен ірі қалаларда ғана емес, аудан орталықтарында да босқын қазақ балаларының аса ауыр жағдайы жергілікті билік органдарының бақылауында болды. Любин аудандық атқару комитетінің Президиумы 1932 жылдың 12 маусымында аудан аумағындағы қазақ босқындарының жағдайын талқылап, арнайы шешім қабылдайды. Басқа мәселелермен қатар, тастанды балалар мәселесі де қаралып, олардың азықсыз, киім-кешексіз, аяқ киімсіз ерекше ауыр жағдайда болуына байланысты аудандық оқу бөлімін бір апта ішінде қазақ балалары үшін сәбилер және балалар үйін ашуға міндеттейді [Сыдыков, 2010: 114].

Дегенмен, қабылданған шешімдерге қарамастан босқын балалардың жағдайы аса ауыр халде қала берді. Орынбор қаласында 1932 жылдың 2 сәуір күні өткізілген қазақ балаларының жағдайын тексеруге арналған ауданаралық кеңесте кейбір аудандарда, соның ішінде Петров, Ор, Елек, Бөрті аудандарында соңғы екі айда, яғни ақпан, наурыз айларында босқын балаларға ешқандай көмек көрсетілмегені анықталды.

Әр түрлі деңгейде қабылданған шешімдер көтеріліп отырған мәселелерді түбегейлі шешуде қауқарсыз болды. Көп жағдайларда ол шешімдер қағаз жүзінде ғана қалып отырды. Кеңестік мемлекеттік машина шұғыл шешім қабылдап, тез жүзеге асыруға бейімделмеген болып шықты. Бюрократиялық кедергілер, әртүрлі билік органдары арасында тұрақты байланыстың болмауы, сонымен қатар, білікті мамандардың жетіспеушілігі де өзіндік рөл атқарды. Қабылданған шешімдерді орындауға жергілікті органдар тарапынан орын алған немқұрайлылық, билік тарапынан бақылаудың әлсіз болуы, шенеуніктердің бір бөлігінің ашкөздігі мен жемқорлығы жағдайды одан әрі ушықтырып жіберіп отырды. Сонымен бірге, босқын балаларға бөлінген қаржының мардымсыздығы және де сол қаржының басшылық тарапынан талан-таражға түсуі де жиі кездесті.

Бөлінген қаржының дер кезінде жергілікті органдарға жеткізілмеуі де қосымша қиындықтар тудырды. Мысалы, 1933 жылдың 9 қазанында Батыс Сібір Өлкелік Атқару Комитетінің Қаржы халық комиссариатының қазақ балалар үйіне бөлінген қаржы аударымының кешіктірілуіне байланысты РКФСР Халық Комиссарлар кеңесі төрағасына шағымын жібереді. Онда ХКК қаулысы бойынша Батыс Сібір өлкесі қазақ балалар үйлерін жұмсау үшін мемлекеттік бюджеттен 200 000 сом, Ленин қорынан 175 000 сом бөлінгенімен, Роспаркомфин тарапынан әлі бірде бір аударым жасалмағаны айтылады. Осыған байланысты балалар үйлерінің қаржылық жағдайы тым ауырлап кеткендігі баяндалады. Тек осыдан кейін ғана, сол жылдың 16 қарашасында аталған шағым қанағаттандырылып, қазақ балалар үйлеріне бөлінген сома толықтай аударылғандығы хабарланды [Сыдыков, 2010: 3463-464].

Осындай жағдай Орта Еділ аймағында да орын алды. Өлкелік атқару комитетінің 1933 жылдың 13 және 28 ақпандағы шешімдері бойынша өлкелік қорлар мен қаржылар есебінен қазақ босқындары мен олардың балаларына арналып аудандарға бөлінген 229 мың сом мөлшеріндегі көмек дер кезінде жеткізілмеген. Соның ішінде 128 тонна астық, 1 тонна жарма, 1 тонна қант, киім-кешек пен маталар қазақ босқындарына жетпей басқа мақсаттарға пайданылғаны анықталды.

Кесте 1. Қазақ босқындарының балаларына арналған балалар үйлері туралы мәліметтер [Сыдыков, 2010: 447].

Аудандар атауы	Арнайы балалар үйлері	Олардағы балалар саны	Жалпы балалар үйлерінің саны	Барлығы
Барнауыл	2	150	-	150
Омбы	2	205	-	205
Новосібір (Бердскіде)	1	110	-	110
Сталин	2	250	-	250
Рубцовск	-	-	11	11
Шипунов	-	-	12	12
Ключи	1	100	-	100
Татар	1	41	-	41
Би	-	-	45	45
Камень	-	-	22	22
Тюменцев	1	100	-	100
Ленин	1	37	-	37
Алей	-	-	10	10
Волчиха	1	85	-	85
Том	1	18	-	18
Купино	-	-	1	1
Славгород	1	80	-	80
Змеиногор	-	-	6	6
Павлов	-	-	24	24
Ойротия	-	-	31	31
Прокопьев	1	60	-	60
Бараба	-	-	17	17
Кемеров	-	-	37	37
Жалпы	15	1236	216	1452

Қазақ балалар үйлері мен интернаттарда жағдайының сын көтермейтіндігі билік органдарына да мәлім болды. Мысалы, Сталин қаласындағы қазақ балалар интернатында орын алған келеңсіз жағдайды Батыс Сібір өлкелік атқару комитетінің аз ұлттар жөніндегі бөлімі қатаң сынға алды. Интернатқа орналастырылған 75 қазақтың панасыз баласының жағдайының аса ауыр, оларға не лайықты баспана, не ас үй қарастырылмаған еді. Қыстың қақаған суығында балалар сырт киімсіз және аяқ киімсіз нан алу үшін жұмысшылармен қатар екі сағатқа дейін жалпы кезекте тұруға мәжбүр болған. Интернатқа тіркелген 5 мұғалімнің тұрмыстық мәселелері мүлдем шешілмегендіктен жұмыс істеуге еш мүмкіндіктері жоқ екендігі туралы айтылды [Сыдыков, 2010: 202-203].

Осыған ұқсас жағдай Ключев ауданында да орын алды. Аудандық атқару комитетінің Президиумы қазақ балалар үйінің жағдайын тексеру нәтижелерімен таныса келе арнайы қаулы қабылдады. Аудандық халыққа білім беру бөлімі тарапынан жіберілген өрескел қателіктер жағдайды ушықтырып жіберген: аталған уақыт аралығында балалар үйінде бірде-бір тексеріс жүргізілмеген және басшыларының есептері тыңдалмаған. Аудандық қамтамасыз ету органдары, әсіресе тұтынушылар одағы балалар үйінің қажеттіліктерін өтеуде жауапсыздыққа жол берген. Соның нәтижесінде балалар үйіне азық-түлік уақтылы және белгіленген мөлшерде жеткізілмеген: 9 тамыздағы № 0401005 наряды бойынша 6 центнер 20 кг, ал № 70132 наряды бойынша 4 центнер 10 кг нан өнімдері берілмеген. Сонымен қатар, қазақ балалар үйіне бөлінген 5 центнер 30 кг балық, 18 кг сары май, 5 центнер 40 кг ет басқа мақсаттарға пайдаланылғаны белгілі болды. Балалар үйінің тәрбиеленушілері арнайы бөлінген киім-кешек пен аяқ киімнен де қағылып отырғаны анықталды. Балалар үйінің директоры Масаутов балаларға арналған азық-түлікті өз қызметшілеріне

бөліп беріп, талан-таражға түсірген. Көтерілген мәселелер бойынша кінәлілер жауапқа тартылып, қызметтерінен босатылады. Көрсетілген кемшіліктерді жоюға бағытталған іс-шаралар бекітіледі [Сыдыков, 2010: 203-207]. Балалар үйлеріне бөлінген қаржының мардымсыз, балаларды толықтай қамтамасыз етуге жеткіліксіз екенін ескерсек, сол аз қаржының талан-таражға түсуінің салдары қандай болғаны белгілі.

1933 жылдың 22 ақпанында РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың төрағалығымен Отырықшыландыру комиссиясының арнайы отырысында «Қазақстаннан көшіп келген көшпенді қазақ босқындарын орналастыру» мәселесі талқыланып, билік босқындар мәселесіне бет бұра бастады. Жергілікті жерлерде босқындарға көмек көрсетуде жүйелілік жоқ екендігі сынға алынды. РКФСР ОАК жанындағы Балалардың өмірін жақсарту жөніндегі комиссиясы қазақ панасыз балаларының нақты санын анықтауға өтініш білдірді. Т. Рысқұлов та 1933 жылдың 4 маусымында Батыс Сібір аумағындағы панасыз қазақ балаларының нақты санын анықтауды сұрайды. Өйткені осы уақытқа дейінгі алынған мәліметтер әрқилы болуы қаржыландыру мәселесін қиындатып отырған болатын [Сыдыков, 2010: 375].

Босқындар мәселесі ең өзекті әлеуметтік мәселеге айналуына байланысты 1933 жылдың 15 наурызында Батыс Сібір өлкелік атқару комитеті қазақ босқындарының жағдайын, оларды жұмысқа орналастыру мәселелерін жеке қарастырып, арнайы қаулы қабылдайды. Басқа да өзекті мәселелермен қатар босқын қазақ балаларының жағдайы да қаулыға арқау болды. Мектеп жасындағы барлық қазақ балаларын білім беру желісімен қамту, балалар үйлерін ішінара тығыздау арқылы панасыздарды орналастыру мәселелері бойынша іс-шаралар бекітілді [Сыдыков, 2010: 288-289].

1933 жылдың 20 сәуірінде Батыс Сібір өлкелік атқару комитетінің партиялық фракциясының отырысында «Батыс Сібір өлкесіндегі қазақ балаларының панасыздығымен күресу іс-шаралары туралы» мәселе қарастырылды. Қазақтың жетім балаларын толықтай қамту үшін 25 мамырға дейін Жаңа Омбыда 120 балаға арналған, Славгородта – 100, Бийскіде – 100, Алейскіде – 100, Прокопьевскіде – 60 балаға арналған, жалпы саны 480 орындық 5 жаңа балалар үйлерін ашу көзделді. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған балалар үйлерін жаңадан 375 балаға арнап кеңейту тапсырылды. 1 мамырға дейін өлкедегі барлық панасыз қазақ балаларын, сонымен қатар, үйде әлеуметтік көмекке зәру балалар толықтай есепке алу көзделді. Балалар үйлерінің педагогикалық құрамының сапасын тексеріп, оларды дайындықтан өткен ұлттық кадрлармен қамтамасыз ету белгіленді. Қазақ балалар үйлерін ана тіліндегі оқулықтар және кітапханалармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан білім беру халық комиссариатымен байланыс орнату тапсырылды [АӨМА. Қ. 312. Оп. 3. I. 320. П. 121].

1933 жылдың 4 мамырында Батыс Сібір өлкелік атқару комитеті қазақтың панасыз балаларына көмек беру туралы үкімет қаулысының орындалу барысы туралы есеп берді. Осы уақыт аралығында 1173 панасыз бала анықталып, балалар үйлеріне жіберілген. Сонымен қатар, панасыз балаларды анықтау одан әрмен жалғасты. Қайыршылықты болдырмау үшін ата-анасы бар болса да жүйелі материалдық көмекке мұқтаж панасыз балалар санағы жүргізілді.

Аталған қаулыларға сәйкес Батыс Сібір өлкесі бойынша 3800 панасыз қазақ баласын балалар үйлерімен қамту үшін 1 225 мың сом көлемінде (бір балаға 350 сом) белгіленген қаржы жеткіліксіз деп танылды. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің санының шамадан тыс өсіп отырған жағдайда аталған қаржы көлемі қажетті шығындарды қамтамасыз етпейтін еді. Өлкелік атқару комитеті 1932 жылы белгілеген бір тәрбиеленушіге шаққандағы шығын нормасы 839 сом болғандығын ескерсек, 350 сомға қазақ балаларын асырау мүмкін емес екендігі айдан анық болатын. Оған қоса жаңадан 5 қазақ балалар үйлерінің ашылуы жағдайды одан әрі ушықтырып, тәрбиеленушілерді азық-түлікпен қамтамасыз етуді нашарлатып жіберуі мүмкін еді. Батыс Сібір өлкесіндегі балалар үйлеріне орналастырылған қазақ балаларының санының өсуі қосымша қаржылық шығындарды тудырғаны рас. Алайда 1933 жылдың бірінші жартысында қаржы бөлуде бұл жағдай ескерілмеді. Осыған байланысты балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілерді азық-түлік және киіммен қамтамасыз етуде елеулі олқылықтар орын алды. Осыған жол бермеу үшін өлкенің ішкі мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін ескере отыра, балалар үйлерінің контингентін орталықтан қамтамасыз етуді сұрайды.

Кесте 2. Орта Еділ өлкесіндегі қазақ босқындарының балалары [Материалы..., 2022: 328].

Аудандар	Балалар мекемелеріне орналастырылған балалар	Ата-аналарымен бірге тұрған көмекке мұқтаж балалар
Орынбор ауд.	350	500
Орынбор қ.	258	230
Сольилецк	342	4 000
Бөргі	48	488
Петров	-	750
Ор	-	200
Барлығы	998	6 163

Панасыз балалардың денсаулығын бақылау ісі де назардан тыс қалған жоқ. Өлкелік денсаулық сақтау бөліміне шұғыл түрде ауру балаларды анықтап, дереу емдеу орындарына орналастыруға ұсыныс жасалды [Сыдыков, 2010: 329-331]. Олардың арасында созылмалы ауруға шалдыққан балалар, ақыл есі кем балалар кездесіп отырды. Оларға шұғыл түрде медициналық көмек көрсету қажеттігі туындады. Қазақ босқын балаларына қажетті медициналық көмек көрсету туралы Батыс Сібір өлкелік денсаулық сақтау бөлімінің баяндама жазбасында өлкенің 15 ауданы бойынша әртүрлі созылмалы ауруға шалдыққан 250 қазақ баласы анықталғандығы хабарланды. Осыған байланысты өлкенің әр аймағында шұғыл түрде балаларға арналған емдеу санаторийлерін ашу көзделді [Сыдыков, 2010: 389-391].

Қазақ босқындарының балаларына медициналық көмек көрсету туралы Батыс Сібір атқару комитеті Президиумының 1933 жылдың 31 шілдесіндегі отырысында «Босқын қазақтардың балаларына көмектесу туралы қосымша шаралар туралы» баяндама тыңдалып, келесі шешімдер қабылданды:

1. Өлкелік денсаулық сақтау бөліміне бір ай ішінде Омбыдағы сүйек туберкулезіне қарсы санаторийді 15 орынға кеңейту және Мочишиде жаңа тубсанаторий ашу.

2. Балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында бас терісі ауруларының айтарлықтай көп болуына байланысты Новосібір мен Омбы қалаларында бір-бір балалар үйін арнайы осындай балаларды емдеуге бөлу және оның жұмысын жандандыру үшін жергілікті медициналық институт клиникаларын жұмылдыру.

3. Балалар үйлерінен ақыл-есі кем және емделмейтін балаларды анықтап, оларды Мариинскідегі мүгедек балалар үйіне жіберу.

4. Қазақтарды жұмысқа орналастыру комиссиясына сәбилер үйіндегі 77 тастанды бала мен жабық балабақшалардағы 49 баланы асырау үшін 61 025 сом көлемінде қаржы бөлу [Сыдыков, 2010: 393].

Батыс Сібір өлкесінде қазақ босқын балаларының мәселесін шешу тек оларды азық-түлік және киім-кешекпен қамтамасыз етумен шектеліп қалған жоқ. Уақыттың өзі бұл босқындардың басым бөлігінің ұзақ уақытқа тұрақтап қалуды көздейтінін дәлелдеді. Қалыптасқан жағдайда шешімін күткен өзекті мәселелердің бірі – балаларды білім жүйесіне тарту болды. Бұл мәселе Батыс Сібір өлкелік билік органдарының назарынан тыс қалмады. Дегенмен оны шешудің өзіндік қиындықтары мен кедергілері жетерлік еді. Ең алдымен, қазақ тілін білетін педагог кадрлардың тапшылығын атап өткен жөн. Мұғалімдер табылған күннің өзінде олардың күнделікті тұрмыстық мәселелерінің дер кезінде шешілмеуі үлкен кедергі болды. Әр жерде ашылып жатқан мектептерді қазақ тіліндегі оқу құралдарымен қамтамасыз ету ісі де ақсап тұрды. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатымен байланыс орнатып, аталған мәселені шешу ұзақ уақыт алды. Мектептердің материалдық жағдайы да мардымсыз болды. Олардың басым бөлігі едендері топырақ, бөлмелері тар және шаңды жертөлелерде орналасты, парталар жетіспеді, мұғалімдерге арналған үстел, орындықтар жоқ болды.

Қазақстанмен шекаралас Алтай өлкесіндегі қазақ халқының саны 1926 және 1939 жылдары жүргізілген Бүкілодақтық халық санақтары нәтижелеріне сәйкес 17 807 адамнан 27 595 адамға дейін өсті [Айдарбаева, 2009: 138]. Қазақ босқындарының санының артуына байланысты Батыс Сібір өлкесіндегі қазақ ұлттық мектептеріндегі оқушылар саны 1931-1934 жылдар аралығында үнемі өсіп отырды. Қазақ мектептерінің оқушылар саны 1931 жылдың қаңтарында 2 987 адамды

құраса, 1932 жылдың қаңтарында – 8 510, 1933 жылдың қаңтарында 8 198, ал 1934 жылдың қаңтарында олардың саны 13 181 адамға жетті [Сыдыков, 2010: 564].

Қазақ босқындарының бір бөлігінің елге оралуына байланысты 30-жылдардың ортасына қарай қазақ мектеріндегі балалар саны біраз азайды. 1936-1937 жылға қарай қазақ тілінде білім беретін 43 бастауыш мектепте 1840 бала, 6 орташа мектепте 300 бала, барлығы 2140 қазақ баласы білім алды. Қазақ мектептерінің басым бөлігі Андреев, Қарасуық, Славгород аудандарында және Ойрат автономиялық облысы аумағында орналасты [АӨМА. Қ. 573. Оп. 1. I. 90. П. 1, 6]. Сонымен қатар, қазақ балаларының бір бөлігі қазақ-орыс аралас мектептерінде білім алды.

Ресей аумағындағы балалар үйлері мен мектептерінде білім берумен қатар, тәрбие жұмысына да ерекше көңіл бөлінді. Әрбір балалар үйлері жанынан қосалқы шаруашылықтардың ашылуы тек азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешуге септігін тигізіп қоймай, сонымен қатар балаларды еңбекке баулу ісі үшін де қажет болды. Әсіресе коммунистік идеология рухында тәрбиеленген «жаңа адам» қалыптастыру бұл мекемелердің басты міндеті саналды. Осы бағытта айтарлықтай жетістікке жетті десе болады. Кеңес билігінің репрессивті саясатының құрбаны болған қазақтың босқын балалары кейіннен сол жүйенің шынайы қорғаушыларына айналды.

Қырғызстан жеріндегі қазақтың жетім балалардың санының өсуіне байланысты республика үкіметі бюджеттен балалар үйлерін салу мақсатында 150 000 сом бөліп, Орталық Атқару Комитетінің Балалар комиссиясынан 100 000 сом қаржыны көмек ретінде қабылдады. Бұл қаражатқа 6 балалар үйі ұйымдастырылып, оларда 2000 жетім бала орналастырылды. Қазақ босқындарының үлкен толқыны жағдайында қырғыз үкіметі туындаған барлық мәселелерді өз бетінше шеше алмайтындығын мойындады. Сондықтан Қырғыз Орталық Атқару комитеті БОАК мен ХКК президиумына панасыз қазақ балалары мәселесін шешу үшін 900 000 сом қосымша қаражат және 50 вагон ағаш жіберу туралы өтініш білдірді. Бұл қаражатқа 1000 балаға арналған екі ауыл шаруашылығы колониясын, 3000 баланы қамтитын жаңа балалар үйлерін ұйымдастыру, сондай-ақ мұқтаж 1000 босқынға көмек көрсету белгіленді [ҚР ОМА. Қ. Р-30. Оп. 6. I. 207. П. 13].

Т. Рысқұловтың төрағалығымен өткен отырықшыландыру жөніндегі комиссияның отырысында сөйлеген сөзінде Қырғыз АКСР ОАК төрағасының орынбасары Тұрғанбаева босқындар саны күн сайын артып келе жатқанын, Қырғызстан үкіметі тарапынан қабылданған шешімдер арқасында оларды ішінара ұйымдастыруға мүмкіндік туғандығын хабарлады. Алайда, өнеркәсіптік тауарларға үлкен қажеттілік болып, киім-кешек, төсек орын керек-жарақтары жетіспейтінін атап өтті. Мысалы, Қырғыз ОАК-і Крупская атындағы клубты босатуды бұйырып, онда 500 қазақ баласын орналастырды. Алайда олар тек баспанамен ғана қамтамасыз етілді, кереуеттер де, көрпелер де болмады, азық-түлік мүлдем жеткіліксіз болды [ҚР ОМА. Қ. Р-30. Оп. 6. I. 207. П. 15].

1933 жылы сәуірде Пишпек станциясында, теміржол маңындағы ашық алаңда кемінде 800 босқын қазақтар жиналды, олардың ішінде балалар мен әйелдер өте көп болды. Бұл адамдарды Қазақстанға жөнелтуге көмектесеміз деп уәде беріп, Қырғызстанның әртүрлі аудандарынан жинаған болатын. Алайда бір апта бойы оларға ешқандай көмек көрсетілмей, босқындар ауыр жағдайда душар болды. Осы уақыт ішінде олардың арасында күн сайын аштықтан алты-жеті, кей күндері оншақты адам қайтыс болып отырған. Жағдай тек Қазақстан ХКК төрағасы Ө. Исаевтың араласуынан кейін ғана жөнделіп, босқындарды тамақтандыру және медициналық көмек көрсету ұйымдастырыла бастады [ҚР ОМА. Қ. Р-1179. Оп. 5. I. 7. П. 2].

Әулие-Ата Қалалық кеңесі президиумының 1933 жылдың 17 наурызындағы отырысында 750 панасыз босқын баланы орналастыру мәселесі қарастырылды. Қаржылық жағдайдың ауырлығына байланысты жергілікті халықтан көмек сұрауға мәжбүр болды: әрбір учаскелік комитеттен 150 сом, базар комитеттерінен 250 сом көлемінде қаржы бөлуді талап етті. Сонымен қатар, Балалар комиссиясы, Балалардың достары қоғамын қалада әр түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастыру арқылы, түскен қаржыны босқын балаларға көмек қорына аударуды міндеттеді [ЖОМА. Қ. 21. Оп. 1а. I. 6. П. 13]. Әулие-Атаға Қарақалпақстаннан келген 219 баланың 120-сы өз ата-аналарымен келсе, қалғаны панасыз жетім балалар болды. Алайда тек 70 бала ғана балалар үйіне орналастырылды, олардың ішінде 15 – мектеп жасына дейінгі, 55 – мектеп жасындағы балалар еді [ТОМА. Қ. 121. Оп. 1. I. 318. П. 75].

1933 жылдың 8 наурызына қарай Оңтүстік Қазақстан облысының балалар үйлеріне 13 500 бала орналастырылса, оның 11 700 қазақ босқындарының балалары болды [ТОҚСТМА. Қ. 40. Оп. 1. I. 227. П. 72]. Балалар үйлерінің шамадан тыс толып кетуі шұғыл шаралар қабылдауды талап етті. Балалар үйлеріне қалыпты орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында облыстық комитет

хатшылығы балаларды басқа жерге ауыстыру қажет деп санайды. Әулиета ауданынан 1300 бала, Қаратас ауданынан – 400, Қызылқұм ауданынан – 350, Қармақшы ауданынан – 250, Пахтарал ауданынан – 175, Талас ауданынан – 100, Шымкент қаласынан 125 баланы жағдайы бірқалыпты басқа балалар үйлеріне жіберу туралы шешім қабылданды. Балалардың бір бөлігі Сайрам ауданындағы Қарамұрт ауылына (500 бала), Жуалы ауданының Высокое селосына (300), Ленгер ауданының Первомайка және Красноводск ауылдарына (400) орналастырылды. Қалған 1 400 бала Шымкент ГРЭС-нің тұрмыстық және қызметтік үй-жайларына жайғастыру көзделді [ТОҚСТМА. Қ. 40. Оп. 1. I. 227. П. 72].

Қырғызстаннан қазақ босқындарының елге қайтып оралуына байланысты Талас және Мерке аудандарында панасыз балалар саны күрт өсті. Осыған байланысты Талас ауданында 120 балаға арналған балалар үйі іске қосылды. Алайда қабылданған шешімдер мәселені толықтай шеше алмады. Мысалы, тек Мерке ауданында ғана 8 418 панасыз бала жиналып, оның тек 40% ғана жағдайы қанағаттанарлық деп танылды [ТОҚСТМА. Қ. 40. Оп. 1. I. 227. П. 57]. Семей қаласынан 105 км жердегі босқындардың балалар үйі терезелері жоқ, сыз басқан ғимараттарда орналасқан, балалар еденде ұйықтауға мәжбүр болды. Дұрыс тамақтанбау салдарынан асқазан-ішек аурулары көбейіп, аштықтан ісіну фактілері жиіледі. 1932 жылдың 17 сәуірінде балалар үйіне босқындардың 488 баласы әкелінген және оның 172-і 11 мамырға дейін қайтыс болған [АОМА. Қ. 15-П. Оп. 4. I. 110. П. 11-14]. Сонымен қатар, тастанды қазақ балаларының саны да күннен күнге артып отырды. Шымкент қаласының төңірегіндегі қазақтардың балаларын жетімдер үйінің жанына тастап кету жағдайлары жиілеп, күніне 50 балаға дейін жиналып отырды.

Байырғы халықтың өмір сүру жағдайларын зерттеу туралы Қазақ өлкелік партия комитеті мен Қазақ АКСР ХКК комиссиясының материалдары қазақ босқындарының және олардың балаларының тағдыры туралы мол мәлімет береді. Балалар панасыздығымен күресу үшін Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарында жүргізілген жұмыс көптеген келеңсіз жағдайлардың бетін ашты. Жергілікті билік органдарының немқұрайлылығы мен әрекетсіздігі нәтижесінде босқын панасыз балалардың жағдайы аса ауыр халде болды. Балалар үйлеріне арналған бөлмелер бейімделмеген, пештерде көбінесе қақпалар болмағандықтан от жағылмады, сондықтан бірқатар үйлер өте суық, балалардың бөлмесі лас, қабырғалары мен төбелері ағартылмаған болатын. Бір бөлмеге 30-40 және одан да көп бала орналастырылып, ауру балалар мен дені сау балалардың бөлінбей бірге болуы әртүрлі аурулардың кеңінен таралуына себеп болды. Жалпы зерттелген балалар үйлерінде балаларды тәрбиелеу және білім беру мәселелері мүлдем назардан тыс қалғандығы анықталды.

Балаларды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі де өз деңгейінде болмады: асханалар лас, дымқыл және жылытылмаған бөлмелерді орналастырылды. Балалар сүт, май өнімдерімен қамтамасыз етілмеді. Сонымен қатар асханаларда қажетті ыдыс аяқтың жетіспеушілігінен балалар тамақтануына толық мүмкіндік бермеді. Мысалы, тексеру кезінде Қармақшы балалар үйінде тамақтану кезінде үстелдерге 30-40 табақ және 3-4 қана қасық қойылғаны анықталды. Әсіресе қиын жағдайға сәбилер душар болды. Көп жағдайда бұл жастағы балалар киіммен, түнгі жамылғымен қамтамасыз етілмеді және сәбилерді күтушілер мүлдем жетіспеді. Қармақшы балалар үйінде сәбилер күндіз еденде отырып, түнде сол жерде ұйықтайтындығы анықталды [ТОМА. Қ. 121. Оп. 1. I. 83. П. 10]. Шет жерде, бөтен ортада талай қиыншылықты бастан өткізіп, туған елге оралған қазақ босқындарының балаларының жағдайында айтарлықтай оң өзгерістер бола қойған жоқ.

Келтірілген мәліметтер кеңестік бюрократиялық машинаның шешімдер қабылдап, оны жүзеге асыру барысындағы епсіздігіне дәлел бола алады. Көптеген жағдайларда қабылданған шешімдер аяқсыз қалып жатты. Кеңес және партиялық органдар тарапынан бақылаудың болмауы салдарынан жергілікті жерлерде бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеушіліктерге жол берілді. Түптеп келгенде осы әрекетсіздіктер салдарынан ең алдымен босқын балалар зардап шекті.

Қорытынды. Сонымен, XX ғасырдың 30-жылдарының басында орын алған демографиялық апат кеңес өкіметінің жүзеге асырған әлеуметтік-экономикалық саясатының салдарынан туындады. Бұл өзгерістер дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік және экономикалық негіздерін толығымен қиратты. Билік тарапынан қатты қысымға ұшыраған халықтың бір бөлігі республикадан тыс жерлерге, соның ішінде шет елдерге үдере көшуге мәжбүр болды. Өлім, қайыршылық, қайыр сұрау, ұрлық үлкен мөлшерге жетті. Мәжбүрлі босқындар құқықтық кемсітушілік, мәдени және физикалық зорлық-зомбылық жағдайында аянышты өмір сүрді. Олардың арасындағы ең осал қорғансыз топ балалар болды.

Қазақ ауылы революцияға дейін балалардың панасыздығы сияқты әлеуметтік мәселемен таныс емес еді. Социалистік қайта құрулар қазақ қоғамының әлеуметтік негізін жойып, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлердің тамырына балта шапты. Бүкіл қазақ даласын жайлаған ашаршылық салдарынан жан-жаққа жан сауғалап босу кезінде қазақ қоғамына жат құбылыс – панасыз балалар пайда болды. Кеңестік репрессивті жүйенің құрбаны болған панасыз қазақ балаларының негізгі үш санатын атауға болады, олар: ата-анасынан айрылған жетім балалар; ретсіз көші-қон жағдайында ата-анасы, туыстарынан ажырап, адасып қалған балалар; тастанды балалар.

Стихиялық көші қон жағдайында балалар ең қорғансыз болып шықты және панасыз балалар санын толықтырды. Бүкіл Қазақстан аумағын қамтитын қолжетімді статистикалық деректерді салыстыру және жүйелеу нәтижесінде 1930 жылдың көктемінен 1932 жылдың наурызы аралығында 273 897 шаруашылық немесе 1 095 348 адамнан 1 369 485 адамға дейін (отбасының орташа көрсеткіші 4-5 адам деп санаған жағдайда) республика аумағынан тыс жерлерге көшіп кеткендігі анықталып отыр. Архивтік деректер босқындардың шамамен 30 % балалар болғандығы туралы мәлімет береді. Дегенмен бұл мәліметтер әлі де болса толықтыруларды талап етеді. Бүгінгі күні осы мәселеге қатысты деректердің басым бөлігі шетелдік архивтерде сақталып, отандық зерттеушілерге қолжетімсіз болып саналады.

Осы кезеңдегі Кеңес мемлекетінің әлеуметтік саясаты қарама-қайшылыққа толы болғанын атап өткен жөн. Бір жағынан, ол балалардың панасыздығын жеңудің тиімді жүйесін құру мәселесімен үнемі айналысып отырды, ал екінші жағынан, биліктің кеңес азаматтарына қатысты репрессиялық саясаты отбасының жойылуының және соған байланысты жаппай балалар панасыздығының туындауының негізгі себептердің бірі болды. Миллиондаған адамдар, соның ішінде бейкүнә балалар да, кеңестік жалаң идеялар мен әлеуметтік эксперименттердің құрбанына айналды. Елдегі гуманитарлық апатты билік ашық мойындағысы келмей, қылмыстарын жасырып қалуға тырысты.

Мемлекет қағаз жүзінде балалар үйлерін материалдық қамтамасыз етуді өз мойнына алғанына қарамастан, іс жүзінде бұл мәселе жергілікті ұйымдардың қарамағына берілді. Жергілікті жерлерде аса көп мөлшердегі босқындарды қабылдап, көмек көрсететіндей мүмкіншіліктер мен қорлардың болмағанына орталық билік аса мән бермеді. Қалыптасқан жағдайда туындаған мәселені халықтың есебінен шешуді ойластырып, «ерікті» түрде арнайы жарналар жинауды әдетке айналдырды.

Қазақстанмен шекаралас аймақтарда құрылған балалар үйлерінің ауыр жағдайда болғанына қарамастан қазақ панасыз балаларының бір бөлігінің өмірін сақтап қалғандығын мойындауымыз қажет. Сонымен қатар, ол балалардың басым бөлігінің ұлттық негізден қол үзуге мәжбүр болып, шыққан тегін ұмытуы да шындық. Әсіресе коммунистік идеология рухында тәрбиеленген «жаңа адам» қалыптастыру бұл мекемелердің басты міндеті саналды. Осы бағытта айтарлықтай жетістікке жетті десе болады. Кеңес билігінің репрессивті саясатының құрбаны болған қазақтың босқын балалары кейіннен сол жүйенің шынайы қорғаушыларына айналды.

Дереккөздер

АОМА – Абай облысының Мемлекеттік архиві

АӨМА – Алтай өлкесінің Мемлекеттік архиві

ЖОМА – Жамбыл облыстық Мемлекеттік архиві

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві

ҚР ПА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві

Материалы Государственной комиссии, 2022 – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50-е годы XX века) Т. 5: Вынужденные беженцы: Сборник документов и материалов / сост.: К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева, Ш.Б. Тлеубаев [и др.]; под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана: Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова; Проектный офис Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий, ТОО «Литера-М», 2022. 640 с.: табл., илл.

Садыков, 2010 – Садыков Е.Б. Гонимые голодом (Документы о судьбе десятков тысяч казахов, бежавших в Сибирь в начале 30-х годов). Сб. Документов. Семей, 2010. 693 с.

ТОҚСТМА – Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының Мемлекеттік архиві

ТОМА – Түркістан облысының Мемлекеттік архиві

ШҚОМА АБ – Шығыс Қазақстан облысының Мемлекеттік архивінің Алтай бөлімшесі

Sources

AOMA – Abai oblysynyñ Memlekettik arhivı [The State Archive of the Abai region]

AÖMA – Altai ölkesiniñ Memlekettik arhivı [State archive of the Altai territory]

JOMA – Jambyl oblystyq Memlekettik arhivı [State archive of Zhambyl region]

Materialyi Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitatsii jertv politicheskikh repressiy (20–50-e godyi XX veka). [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression in the 20–50 years of the twentieth century]. Karin E.T. (ed.). T. 5: Vyinujdennyye bejentsyi [Vol. 5: Forced Refugees]: Sbornik dokumentov i materialov / sost.: K.N. Baltabaeva, R.K. Aydarbaeva, Sh.B. Tleubaev [i dr.]. Astana: In-t istorii i etnologii im. Ch.Ch. Valihanova; Proektnyy ofis Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitatsii jertv politicheskikh repressiy; TOO «Litera-M», 2022. 640 p: tabl., ill. [In Kaz., Rus.].

QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq Memleuettik arhivı [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]

QR PA – Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq Memlekettik arhivı [Archive of the president of the Republic of Kazakhstan]

Sadykov, 2010 – Sadykov E.B. Gonimye golodom (Dokumenty o südbe desätkov tysäch kazahov, bejavshih v Sibir v nachale 30-h godov). [Persecuted by hunger (Documents on the fate of tens of thousands of Kazakhs who fled to Siberia in the early 1930s)]. Sb. Dokumentov. Semei, 2010. 693 p.

ŞQOMA AB – Şygys Qazaqstan oblysynyñ Memlekettik arhiviniñ Altai bölmişesi [Altai branch of the state archive of East Kazakhstan region]

TOMA – Türkistan oblysynyñ Memlekettik arhivı [State archive of Turkestan region]

TOQSTMA – Türkistan oblysynyñ qoğamdyq-saiasi tarihyñyñ Memlekettik arhivı [State Archive of socio-political history of Turkestan region]

Әдебиеттер

Абылхожин Ж. и др. - *Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б.* Казахстанская трагедия // *Вопросы истории*. 1989. № 7. С. 65-67.

Айдарбаева, 2009 – *Айдарбаева Р.К.* Казахи Алтайского края России. Усть-Каменогорск, 2009. 172 с.

Айдарбаева, Садвакасова, 2024 – *Айдарбаева Р.К., Садвакасова Ж.А.* Казахстанские беженцы 1920-1930 годы. Усть-Каменогорск, 2024. 280 б.

Атантаева и др. 2023 – *Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Ботабекова А.Р.* Дети – жертвы казахстанского голодомора (по материалам Государственного архива области Абай) // *Вестник Университета Шакарима*. Исторические науки. 2024. № 1. С. 115-128. URL: <https://history.vestnik.shakarim.kz/index.php/my/article/view/28/9>

Байсарина К.К., 2021 – *Байсарина К.К.* Шығыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры (1930-1932 жж. // *Вестник КазНПУ им. Абая*. Серия: исторические и социально-политические науки. 2021. № 1(68). С. 9-14. URL: <https://bulletinhistsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/318/313>

Кабульдинов З.Е., 2018 – *Кабульдинов З.Е.* Голод среди казахов и массовые откочевки населения в начале 30-х годов XX века. URL: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9239>

Камерон, 2020 – *Камерон С.* Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Алматы: Kazakhstan Risks Assessment Group, 2020. 304 с.

Киндлер, 2017 – *Киндлер Р.* Сталинские кочевники. Власть и голод в Казахстане / Пер. с нем. Л.Ю. Пантинной. М.: Политическая энциклопедия, 2017. 382 с.

Конквест, 1988 – *Конквест Р.* Жатва скорби = The harvest of sorrow: Сов. коллективизация и террор голодом / Роберт Конквест; Пер. с англ. Исраэль Коэн и Нели Май; Под ред. Михаила Хейфеца. London: Overseas publ. interchange, 1988. 620 с.

Курманов, 2021 – *Курманов З.* Из истории дружбы и братства: борьба с казахским «Ашаршылыком» в Кыргызстане // *Вестник Кыргызского Государственного университета имени И. Арабаева*, 2021. № 3. С. 181-189. URL: <https://arch.kyrlibnet.kg/uploads/KRSUKURMANOVZ.K.2021-3.pdf>

Леонова Н.А., 2015 – *Леонова Н.А.* Детская беспризорность как фактор миграции в историческом контексте 1920-1930 гг. // *Современные проблемы науки и образования*. 2015. № 2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=21487>

Малышева, 1999 – *Малышева М.П., Познанский В.С.* Казахи – беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934 гг.). Алма-Ата: Ғылым, 1999. 536 с.

Омарбеков Т., 1997 – *Омарбеков Т.* 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 320 б.

Омарбеков Т., 2011 – *Омарбеков Т.* Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.). Хрестоматия. Алматы, 2011. 204 с.

Сактаганова, Сақабай, 2024 – *Сактаганова З.Г., Сақабай Т.Қ.* 1930-жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орталық Қазақстандағы панасыз балалар мәселесі // *Вестник Карагандинского университета*. История. Философия. 2024. № 4(116). 156-166-бб. URL: <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/1236/845>

Советское руководство, 1999 – *Советское руководство*. Переписка. 1928-1941 гг. М.: РОССПЭН, 1999. 519 с. URL: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/162529-sovetskoe-rukovodstvo-perepiska-1928-1941-gg>

ЦК ВКП (б), 2009 – *ЦК ВКП (б)* и национальный вопрос. Кн. 2. 1933–1945. М.: РОССПЭН, 2009. 1095 с. URL: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/90508-tsk-vkp-b-i-natsionalnyy-vopros-kn-2-1933-1945>

References

Abylhojin J. i dr. – *Abylhojin J. Kozybaev M. K., Tatimov M. B.* Kazahstanskaia tragedia [The Kazakh tragedy]. *Voprosy istorii*. 1989. № 7. Pp. 65-67. [in Russian]

Aidarbaeva, 2009 – *Aidarbaeva R.K.* Kazahi Altaiskogo kraia Rosii [Kazakhs of the Altai Territory of Russia]. *Üst-Kamenogorsk*, 2009. 172 p. [in Russian]

Aidarbaeva, Sadvakasova, 2024 – *Aidarbaeva R.K., Sadvakasova J.A.* Kazahstanskii bejensy 1920-1930 god [Kazakh refugees in the 1920s and 1930s]. *Ust-Kamenogorsk*, 2024. 280 p. [in Russian]

Atantaeva i dr. 2023 – *Atantaeva B.J., Ahmetova R.D., Botabekova A.R.* Deti – jertvy kazahstanskogo golodomora (po materialam Gosudarstvennogo arhiva oblasti Abai) [Child victims of the Kazakh Holodomor (based on the materials of the State Archive of the Abai region)]. *Vestnik Universiteta Shakarima*. Istoricheskie nauki. 2024. № 1. Pp. 115-128. URL: <https://history.vestnik.shakarim.kz/index.php/my/article/view/28/9> [in Russian]

Baisarina K.K., 2021 – *Baisarina K.K.* Shygys Qazaqstan onırında asharylyq jane panasyz balalar tagdyry (1930-1932 j.j.)` [Famine and the fate of homeless children in the East Kazakhstan region (1930-1932)]. *Vestnik KazNPU im. Abaia*. Seria: istoricheskie i sosialno-politicheskie nauki. 2021. № 1(68). Pp. 9-14. URL: <https://bulletinhistsopolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/318/313> [in Kazakh]

Kabuldinov Z.E., 2018 – *Kabuldinov Z.E.* Golod sredi kazakhov i masovye otkochevki naselenia v nachale 30-h godov XX veka [Famine among Kazakhs and mass migration of the population in the early 30s of the twentieth century]. URL: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9239> [in Russian]

Kameron, 2020 – *Kameron S.* Ashtyq jailagan dala. Asharshylyq, ozbyrlyq jane Kegestik Qazaqstandy ornatu [Hunger swept the steppe. Famine, arbitrariness and the establishment of Soviet Kazakhstan]. *Almaty: Kazakhstan Risks Assessment Group*, 2020. 304 p. [in Kazakh]

Kindler R., 2017 – *Kindler R.* Stalinskie kochevniki. Vlast i golod v Kazahstane [Stalin's nomads. Power and hunger in Kazakhstan]. *Per. s nem. L.İu. Pantinoi*. M.: Politicheskaiia ensiklopedia, 2017. 382 p. [in Russian]

Kurmanov, 2021 – *Kurmanov Z.* Iz istorii drujby i bratstva: borba s kazahskim “Asharshylykom” v Kyrgyzstane [From the history of friendship and brotherhood: the struggle against the Kazakh “Asharshylyk” in Kyrgyzstan]. *Vestnik Kyrgyzskogo Gosudarstvennogo universiteta imeni İ. Arabaeva*, 2021. № 3. Pp. 181-189. URL: <https://arch.kyrlibnet.kg/uploads/KRSUKURMANOVZ.K.2021-3.pdf> [in Russian]

Leonova N.A., 2015 – *Leonova N.A.* Detskaia besprizornost kak faktor migrasii v istoricheskom kontekste 1920-1930 gg. [Child homelessness as a migration factor in the historical context of 1920-1930]. *Sovremennye problemy nauki i obrazovania*. 2015. № 2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=21487> [in Russian]

Malyseva, 1999 – *Malyseva M.P., Poznanski V.S.* Kazakhi – bejensy ot goloda v Zapadnoi Sibiri (1931-1934 gg.) [Kazakh refugees from famine in Western Siberia (1931-1934)]. *Alma-Ata: Gylym*, 1999. 536 p. [in Russian]

Omarbekov T., 1997 – *Omarbekov T.* 20-30 jyldardagy Qazaqstan qasiret [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s]. *Komekshi oqu quraly*. *Almaty: Sanat*, 1997. 320 p. [in Kazakh]

Omarbekov T., 2011 – *Omarbekov T.* Golodomor v Kazahstane: prichiny, mashtaby i itogi (1930-1933 gg.) [Holodomor in Kazakhstan: causes, scale and results (1930-1933)]. *Hrestomatia*. - *Almaty*, 2011. 204 p. [in Russian]

Saktaganova, Saqabai, 2024 – *Saktaganova Z.G., Saqabai T.Q.* 1930-jyldardagy asharskylyq kezindegi Ortalyq Qazaqstandagy panasyz balalar maselesi [The problem of homeless children in central Kazakhstan during the Famine of the 1930s]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta*. Istoria. Filosofia. 2024. № 4(116). Pp. 156-166. URL: <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/1236/845> [in Kazakh]

Sovetskoe rukovodstvo, 1999 – *Sovetskoe rukovodstvo*. Perepiska. 1928-1941 gg [The Soviet leadership. Correspondence. 1928-1941]. M.: ROSSPEN, 1999. 519 p. URL: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/162529-sovetskoe-rukovodstvo-perepiska-1928-1941-gg> [in Russian]

CK VKP (b), 2009 – *CK VKP (b)* i nacional'nyj vopros [The Central Committee of the CPSU(b) and the national question] Кн. 2. 1933–1945. М.: ROSSPEN, 2009. 1095 p. URL: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/90508-tsk-vkp-b-i-natsionalnyy-vopros-kn-2-1933-1945> [in Russian]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 2

<i>Abdualy A.B., Dzhursunbaev B.A., Tokbolat S.T.</i> FROM UNCHARTED FRONTIER TO IMPERIAL DOMAIN: RECONNAISSANCE EXPEDITIONS IN THE KAZAKH STEPPE.....	272
<i>Айдарбаева Р.К., Уалиева С.К.</i> БОСҚЫНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ (XX ғ. 30-жж.).....	290
<i>Ахметова У.Т.</i> ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ АРХЕОЛОГИЯСЫ.....	307
<i>Beisembayeva A.R.</i> KHAN UALI AND THE DECLINE OF KHANATE AUTHORITY IN THE EARLY XIX CENTURY.....	320
<i>Belyalova A., Zhengis Zh.Zh.</i> FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S AND ITS REPRESENTATION IN FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	330
<i>Egamberdiyev M., Akhantaeva A.</i> FIGURE OF OTEBAI AULIE AS A COMPONENT OF KAZAKH SACRED TRADITION AND HISTORICAL MEMORY.....	340
<i>Zhakibayeva G.B., Otepova G.E., Kussainov D.Zh.</i> SYSTEMATIZATION OF ARCHIVAL DOCUMENTS ON THE CONQUEST OF SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE MIDDLE OF THE XIX CENTURY.....	352
<i>Зинуров Р.Н.</i> О МЕСТЕ ОСПАНА БАТЫРА В КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ.....	364
<i>Карлыбаев М.А., Идрисов А.Р.</i> ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ АВТОРА КНИГИ «РАДД АЛЬ МАНХУЛ».....	377
<i>Kairullina A., Maksutova A.</i> PERSONALITY AND ACTIVITIES OF THE FIRST KAZAKH OFFICIAL OF THE MIDDLE ZHUZ: SHON BI EDIGEULY.....	388
<i>Касымова Д.Б., Каримова А.Е., Кудайбергенулы Б.</i> НЕМЦЫ В КАЗАХСКОЙ ССР В 1950–1970-е ГОДЫ: СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ.....	396
<i>Құмыспаев С.С., Избасарова Г.Б.</i> ПРОБЛЕМЫ ПОСТКОЛОНИАЛИЗМА И ДЕКОЛОНИЗАЦИИ В МИРОВОЙ И ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	415
<i>Қусайнова Ж.А., Бакирова Ж.Е.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫ: ТАРИХИ ЖАДТЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУ МЕН ТАРИХИ РЕКОНСТРУКЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	429

Муканова Г.К.

ПЛЮСЫ И МИНУСЫ КОРЕНИЗАЦИИ. НА ПРИМЕРЕ АКМОЛИНСКОЙ ГУБЕРНИИ, 1920-е гг.....446

Ногайбаева М.С., Түменбай Ы.Н.

XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ТАЙПА БЕКТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ.....460

Оспанова А.Қ.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨШІ-ҚОН ТАРИХЫ: ҚҰЖАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ.....474

Сағнайкызы С., Сартаев С.А.

КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ РАБОТНИКОВ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ КАЗАХСТАНА (1925–1932 гг.) В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ.....490

Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч.

ПОЛЬША АУМАҒЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: СЕРГЕЙ ВОРОПАЕВ КҮНДЕЛІГІ МЫСАЛЫНДА (1941–1945).....500

Темирханов Б., Муталиев М., Сауырқан Е.

XX Ғ. БАСЫНДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ АЛҒАН ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІ: «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ НЕГІЗІНДЕ.....510

Torgautova Sh.A., Sugirbaeva G.D.

TURAR RYSKULOV'S STATE ACTIVITIES IN THE FINANCIAL COMMITTEE UNDER THE COUNCIL OF PEOPLE'S COMMISSARS OF THE TURKESTAN ASSR IN 1922–1923 (DEDICATED TO THE 130TH ANNIVERSARY OF TURAR RYSKULOV'S BIRTH).....520

Тулепбергенов Г.М., Утегенов М.З.

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКИХ И БАШКИРСКИХ АУЛОВ В 50-60 ГГ. XX ВЕКА.....530

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.